



ҚАЗАК ӘДЕБИЕТІ

№2-3
(3741)
22 қаңтар
жұма
2021 жыл

12+

1934 жылы
10 қаңтардан шыға бастады

Қазақстан Республикасының әдебиет, мәдениет және өнер апталығы

СӘРҰАР
Нұржан ҚУАНТАЙҰЛЫ
→ 22-24-бет



Төлеп ӘБДІК, жазушы:
**Сол түні
қуанғаннан
ұйықтай
алмадым**
→ 4-бет



Ахаг ЖАҚСЫБАЕВ.
Бике
→ 12-бет



Әбубәкір ҚАЙРАН ҚАР ҚЫЗЫ МЕН ҚАРА КІСІ

Халықаралық Махмұт Қашқари атындағы әңгіме байқауында ақын, «Алаш» халықаралық әдеби сыйлығының иегері Әбубәкір ҚАЙРАН топ жарды. Отызға жуық түркітілді елдің жазушылары қатысатын дәстүрлі байқау еркін тақырыпта өтеді. Карантин салдарынан салтанатты марапаттауға бара алмаған қаламгерді құттықтай отырып, жүлделі болған шығармасын назарларыңызға ұсынамыз.

Жатыр!.. Шалқасынан жатыр!.. Қозғаларға шама жоқ! Отыз омыртқасы ошырылып қалған ба, қырық қабыртқасы қирап қалған ба?

Қай жардан еді, бір жардан жаттап алып еді ғой — «Аштып келген ажалдың ақи көзін қан қылды, таптай келген таяқалдың тау денесін шанға ұрды» деген... Сондай... Сондай болған бағыр бабалар! Ал мұның жатысы — мынау!.. Не болды? Бар білетіні — қасында отыра қалған қара қымыл елеске қарайлаймын деп отырып, үлкен жолдың үстінен ұшып кеткені ғана! Оны «авария» дейді. Жол апаты! Енді, міне!.. Жатыр!.. Көзін ашпақ тұрмақ, кірпік қимылдауға да шамасы жоқ. Тағы бір құтылмас пәле — екі шексеннің солқылдауы мен жабық жанарының алдынан жарқ-жарқ, қолбең-қолбең етіп өте шығып — қызы, жасы отыз шексенбер мен қатпаған қара тіркейттер. Құлағында — қобыздың үні, санасымда — әлгі бір...


Кенеттен: «Қар жауып тұр! Тағы да қар жауып тұр!» — деген әлдебір әйелдің осем дауысы естілгендей болды. Сол дауысқа ілесе шыққан: «Ой- бой, тоқтамай қойды ғой, жарыстық!» — деген ер адамның сөзін дәл жанынан анық ұқты. Екі көзіні аша алмай жатса да, езуіне күлкі үйірілгендей болды. Осы бір сәтті байқап қойған ба — дауысы әлемі әлгі бір әйел: «Оңды! Оңды!» — деп шаттана айғайлады.

-----→ 26-27-бет

Ғалым ЖАЙЛЫБАЙ.
**ҚАЗАҚ ТА
БІР КИІКТИҢ
ҚҰРАЛАЙЫ...**
14-15-бет



Сиагүл ЕЛУБАЙ.
**ҰЛЫ
ДАЛАДАҒЫ ҰЛЫ
АПАТ**
→ 6-7-бет



Анаға хат
**ӨНЕР ЖОЛЫНА
АНАМ
АЛЫП КЕЛДІ**
→ 20-21-бет



Дүзген және көкбұтамен шегенделген дәстүрлі таяз құдықты көріп, табиғи суын ішкің келсе, Арал өңірінің Саалды, Шижага, Қарақұм, Тапа, Тоқабай құмдарының малыш ауылдарына бар. Дүзген (жүзгін, қандым – Calligonum) – тараңдар тұқымдасына жататын тармақталған бұталар. Арал, Қазалы және батыс өңірі қазақтары арасында дүзгүн, дүзгін, қандым, томар дүзген атауы да кең қолданылады.



Тәтігүл ЕРСАЙЫНҚЫЗЫ,
этнограф-ғалым

Дүзген – шөлі, құмды аймақтарда қой мен түйе малының жайылымдық азығын қамтамасыз ететін өт. Бұтақтарының жер бетінде тарбыл, жайыла өсуі құмның сусылдап көпүйін тоқтатуға да қызмет етеді. Құмды ауылдың тұрғындары дүзгенді отынға, қақпанның кілтін жасауға, баалыт, теріскен, шимен араластыра ерп, құм салып қалап, желде ықпалын, аяла суық өткізбейтін жылы қора соғуға көп пайдаланады. Дүзгеннен жасалған мұрындық түйенің танауын іріңдетпей, салғанда тез жазылуына жәрдемдеседі. «Түйе айтыпты» деген өлеңде:

*«Мұрғандығым дүзгенге болсын,
Төсегім күзден болсын,
Бұйдым алазы болсын,
Жабұым шымалы болсын,
Өспегенге немесе»* – деген жолдар кездеседі.

Жергілікті қариялар дүзген мен көкбұтаның емдік қасиетінің, тек адам ағзасы үшін ғана емес, мал үшін де пайдалы екенін айтады. Дүзген мен көкбұтаны құдыққа салғанда құдық суына оның қасиеті дариды. Шыңдығында көкбұтаның (*Calligonum vulgatum*) құрамында арбутас, арбутин, кварцитин, кремнез, камель, катехин, танин, сапонин, кальций, магний, натрий, йодтар бар. Дүзген, көкбұта шегеннен су ішкен малдың еті дәмді, жүні сапалы, ал жылқының терісі жылтыр келеді. Қазақтың мал дәрігерлік халықтық білімінде көкбұтаның тұнбасын төрт түлік малдың түрлі ауруларын емдеуге пайдаланған. Дүзген мен көкбұтаның қасиетін суға терең дарытушы қиғасы, оларды шыбықтамай тамырымен бірге шегендеуде жатыр.

Дүзгеннің қызыл және ақ түрі болады. Құдыққа қызыл дүзгенді салады, ақ дүзгеннің шыбығы мен түбі әлсіз болады. Құдық шегенше дүзген немесе көкбұтаның қайсысын салу құдық несінің таңдауына байланысты. Дүзген тамырымен қоса есептегенше биіктігі 2 метр, ірісі одан да жоғары. Тамырын халық *томары* немесе *көтегі* деп айтады. Ал, шегенге салатын көкбұтаның биіктігі 1 метрге дейін болатынын таңдайды. Құдық шегені үлгі дүзгенді де, көкбұтаны да қазан, қараша айнала томарымен бірге қопарып алады. Дүзген мен көкбұтаның түбіндегі томары өсіп тұрғанда жер астынан көрінбейді. Бұрынғы кезде томарымен бірге алу үшін сүйменмен, тесемен, балтамен қопарып шығарған (қазір орман драктор көмегіне жүгінеді). Бір құдық шегеніне 450 ден 600 түп дүзген немесе 500 – 650 түп көкбұта кетеді. Бір құдықтың шегеніне қопарылған дүзген немесе көкбұта 8-10 түйеге жүк болған. Түйеге арту үшін үстіне қалың жабу жабылған. Құзге қопарылған дүзген немесе көкбұтаны бір жыл бойына көткіреді. Қыста аяз қарып, қар, жаңбыр суына жуылып, ауада кезіп, көк дөмі кетіп, құрайды. Келесі жылы жаңа құдыққа салады.



Дүзген.

Томарымен алынған шеген үшін кестіріп қойған дүзген.

Бұл өңірде жер сусылдақ құмды болғандықтан құдық ерсеуінің диаметрі 4,5 метрден 6 метрге дейін кең етіп алынады, өйтпесе құм құлап, құдықты жауып қалады. Су көзі шыққанда су құдық табанына қарай құлап қалдырмай қояды, судың көзі шыққаннан бастап-ақ, шегенін отырызады.

Құдықтың құмы ішіне сусылдап құламағ үшін, дүзген мен көкбұтаның шыбығын құдықтың қабырғасына, ал түбін, яғни томарын ішіне қаратып, бірінші үстіне бірін тастай отырып, бастырады. Шегенін тығыз отырғазу үшін, 3-4 жігіт қатар аяқтың күшімен таптайды. Шегендеу, құдық түбіндегі қабыр суы мен өзі томарымен шығару жұмысымен қатар атқарылған.

Құмды өңірде астыңғы шегені дүзген, үстіңгі шегені көкбұта, ал жоғарғы бөлігін қамыс шомдарын қалаған үш деңгейлі шеген құдықтар да кездеседі. Қамыс шом екі қатарлы құрайды, бірінші қатарында көлденеумен қиыласыра, үстіне, ең жоғарғы бөлігіне айнала ұзышап, бір-біріне жапсарлата қаланады.



Астыңғы бөлігі дүзген, жоғарғы қабырғасы көкбұта, үсті қамыс шеген.

ХАЛЫҚТЫҚ БІЛІМ: ДҮЗГЕН МЕН



Дүзген шеген.

Дүзгенмен, көкбұтамен шегенделген құдықтың үстіңгі бетін көкқасқа, шағыр, баалыш, қамыс, шеген, қоянсуіекпен көтеру кездеседі. Шеген үстіне өсімдіктердің бұл түрін қолдану арқылы құдық ішіне таза ауа отуып, әрі шеген арасына үстіңгі жалқан топырақтың сусыл түспеуін қамтамасыз еткен. Әсіресе, шағырды шегенге қосу, құдық суының қасиетін, пайдалылығын арттыра түсетінін қариялар айтып отырады. Шағыр (*Bergenia*) – тасжартаңдар тұқымдасына жататын өсімдік. Қазақстанда 2 түрі кездеседі. Соның бірі – ежазырақ шағыр немесе шағыршай (*B. crassifolia*). Биіктігі 5 – 50 см. Жапырағын қайнатып шай орнына ішеді, тұнбасынан қара, қоныр бояу алынады. Көкқасқа бетеге тұқымдас. Ал, қоянсуіек құмды жерге өсетін тікенді, оныңық өсімдік, тері бояуға да пайдаланады. Екеуі де түйе сүйіп жейтін шөп. Шегенде осы өсімдіктердің қосылуы түйе малын суарумен де байланысты.



Қабырғасы көкбұта, үсті қамыс шеген.

Құдық қабырғасы толық шегенделіп болғанда құдық аузын, қорғанын ағашпен сұрыптап немесе кесектен өріп шығарған. Дүзген де, көкбұта да суға шірмейді. Дүзген мен көкбұта шегені 80-100 жылға дейін қызмет етеді. Құдық қабырғасының балшығы өніп, дүзген мен көкбұта өбсен басылғанға ғана құдықты қайта аршиды. Ескі шегенін алып, орнына жаңа шегенді дәстүрлі әдісімен қайта бастырып салады.

Бір ғасырдай қызмет өткен ауыстыруды қажет ететін, отырған көне дүзген шеген.



Аралдың солтүстігіндегі осы құмды алқаптарда шеген салудың халықтық білімін аталан балаға мұра етіп сақтап отырған, қолдағы малын суаруға шеген құдықты қолданатын ағайымды әлі кездестіруге болады. Құдық суы тарқан сайын оны береді. Дүзген мен көкбұта шегеннің табиғи сүзгісінен өткен құдықтың мол суы 100 жылқыны бір уақытта суаруға жетеді. Бұл өңірде суы мол, тез өнетін құдықты қарағаз құдық деп атау қалыптасқан.



Қабырғасы дүзген, үсті шағыр шеген.

ҚҰДЫҚ КӨРСЕҢ, ШЕГЕНДЕ

Дүзгенге қарағанда көкбұтадан шеген отырғызу күрделірек. Себебі көкбұтаның дүзгенге қарағанда шыбықтары да, томары да қысқа, әрі жіпшікше.



Көкбұта.



Көкбұта шегеннің қабырғасы

түрлеріне қатысты қолданылатын жердіктің аяу – бекке құдық. Қазіргі таңда грунт суы төмендеп кетуіне байланысты бекке құдықтар өте сирек кездеседі. Дүзген, көкбұта құдықтардың қандай түрі болмасын, жергілікті жерде «табандық» деп аталатын ойпаттау жердеп қазылады. Табандық – бұлғалды, бұлаға жақын, тұщы су шығатын ылданду, ойпаттау жер. Әрі құдық қазу үшін табаншықтары ши, қияқ өскен жер таңдалады.



Көкбұтамен көмкерілген құдық аузы.

КӨКБҰТА ШЕГЕНІ



Көкбұтамен шегенделген құдық. Көкбұта шегеннің түбі.

Дүзген, көкбұтамен құдық өрнеуін де шығарып, аузын ағаш қақпақпен немесе күйібен қапталған ағаш қақпақпен жабады. Ағаш қақпақтың сыртынан киіз жабу, қатпау құдық суын құм, шаң тозынан сақтау үшін қолданылады.

Дүзген, көкбұта құдықтардың суы тал түсте күн қатты ысығанда тартылып кететін, түп асқанға қайта өнетін таяз



Күйібен жабылған ағаш қақпақ.

Өзбекстанның Тамды, Үшқұдық деген жерінде тұратын қазақтар да құдықты дүзгеннен шегендеген. Өзбекстан қазақтары қызыл дүзгенге қандым атауын қолданады. Сол себепті де қандым құдық деп аталады. Қандым құдықтың басына ақпана деп аталатын су сақтайтын хауыз және науа қояды. Түркіменстанның құмды алқаптарындағы қазақтардың да құдық қабырғасын қандыммен шегендеуі, олардың ата дәстүрден ажырамағанының көрінісі.

ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫ ТОҚЫРАУДА МА? (Басы 5-бетте)

Әсіресе, Асқар Алтайдың ел егеменшік алған соң қайта туған Кенгай-баласы («Кенгай»), Дәурен Қуаттың «ақ періштеге айналып, Құс жолына сіңіп кеткен» Асқан («Тас мотта») кілең қасқырға айналып кеткен Т. қаласының тұрғындары («Борисоқпақ») есіме ауық-ауық оралады. Оралады да, көз ауырады шешім таба білген шеберлігі қайран қалдырады.

Алғаш қазақ прозасындағы жанрлық ізденістер тек әңгімемен шектелмейді. Тұрысбек Сәукетайдың «Мен жылдымын» атты романын сапиралық шығармаға жатқызыңыз ба, алде стилист. реализмге қайтып оралу дейсіз бе, өзінсіз біліңіз. Әйтеуір оның бас кейіпкері мына өмірлікте сынақ алмай, айналасындағылармен түсінісе алмай жүр. «Қырық кісі бір жақ, қырық кісі бір жақ» дегендей бұны айналасындағы етіп жатқан процестер туралы ой-пікірлері мен әрекеті өзгелермен еш үйлеспейді. Үйлеспеген соң «жылды» көреді айналасындағылар. Олар жылды көрген соң өз де «жылды екенім» деп ойлайды. Бірақ шын мәніндегі жылды кім? Тұрысбектің «Мені» ме? Жоқ, әлде, Абайдың «Сократқа у шықпаған, Иоанна Аркти отқа өлген, Гайсаны дарға асқан, пайғамбарымды түйенін жемтігіне қолпен кім? Ол – көп...» – деген соңын ұстап отыр ма автор? Ойлағаныңыз, ойлағаныңыз да қорықпайсыз өзінсіз шығарыңыз. Т. Сәукетай өзгені маңымда шектеген жоқ. Отырған бұғанамызды өзміз кесіп жатқан қазіргі қылғымыздың ақыры не болатынын айту үшін фонтан жаңғыра да барды. Оның «Шайтаннан түсі» романын эпитет деп қорықпай өзгені емес. Бұл роман осылай кете берсе, күндерің күніде жеріңіз тозып, адамдарымызды кететіні бүгінгілердің қаладына көркем суретпен келтірді.

«Дос жылатып, душпан күлдіртіп» айтатындықтан да солай етті. Сонымен бірге Тұрысбек «Айқараңғы», «Бұлағай», «Желқайық» атты көптомдық романдарында 1986 жылдан басталған жина дәуір келбетін көркем бейнелеп келеді.

Қазақ жазушыларының назарынан қалып қалып келе жатқан тақырыптың бірі – Семей полигонының зарлабы еді. Белгілі жазушы Сәуле Досжан осы олқылықтың орнын толтырғандай болады. Оның «Қасірет пен тағдыр» атты романы, әсіресе, құрғанындағы сәбиі адам кейіпіннен ажырап туған апанып атыптан жазылуы өте әсерлі шыққан. Романың бас кейіпкерінің бұл трагедиясы бұлшық бір тұқасын ұстап жүрген өзгелермен түссізденуі кейін ерлігін қайтыс болуы, тоқсаныншы жылдары дорба арқалап сабылып кеткен жалғызбасты аналардың көрген көп құқандары арқылы тереңдей түседі. Әйтеуір ақыры жақсы. С.Досжан романи деректер қосу арқылы романының көркемдік деңгейін түсірмейді, қайта әсерін арттырады.

Социализм дәуірінде кең танылған тағы бір «серке» жазушы Т.Нұрмағамбетовтің сөз саптауына да тосын өзгерістер әкелді нарықтық қоғам. «Періштелер өлімі» атты роман-хикаялары соның айғағы. Оның бұрынғы бейқұны, анкау, сенгіш кейіпкерлері өзгері де түсіне бермейтін сырты сұлу болғанымен, тереңі қорқынышты бір жылдыма жұмылып бара жатқандай. Жабайы нарықтың өбден шиыршық атып шығына жеткен шыңығы осы. Әрі-біреден кейін кездесе қоюы неғайбыл қазақ үшін тосын, жана шыналық.

Егемендік алғашында өңдіре жазып келе жатқан жазушының бірі – Қуаныш Жиенбай. Шарханшын пікірінше, классикалық туында туыруға қажетті коэффициенттерді (эмоция, интуиция, интеллект, интуиция) бәрі бар. Қуаныш дәстүрге сай оқығаны рет-ретімен баяндап қана қоймай, оған ішкі толғаныстары да шебер киноластырады. Шығармаларының он бойынан нәзік лиризм үзілмейді.

Ол социализмнің «ескі» адамдары мен нарықтық қатынастың және адамдарын алмастан іздемей-ақ бір отбасынан тауып, олардың күресін де бірте-бірте іштей өрбінді. Тіпті социализм серкелерінің қызметтен өтуіне тәрбиесі бөлектеу болғандықтан кесір келтіретін өз ұрпақтарынан бас тартуы, ал болашақтың сол бас тартқан балаларына қолына көшпені алыстан орағынан келіп керемет дәлелденеді.

Осындай қазақ прозасы ізденісін еш тоқтатқан емес. Соның нәтижесінде тарихтан терең қаптарының көркем келбетін жасап жатыр. Жана дәуірдің келісін кестелеп, болашаққа өзгерілі болжам ұсынап шығармалар да туып. Соның арқасында жаңдық, мазмұндық жаңдық байлап келеді. Мен тіпті прозаның бәйн түскенінің бір көрінісі Есенали Раушаншын жылдың төрт мезгілін ақын көзімен көріп, қарасөзбен қағазға түсірген дер едім. Бұлар – көсемсөз емес, көркем сөз. Ал жанрдың өзінсіз қойып алыңыз. Бәлкім, қарасөзбен жазылып жыр, немесе сөзбен сабынап сурет берсіз. Өзіңіз біліңіз, әйтеуір бұл да керек.

Шағын шолуында өзім оқыған шығармалардың ішінен қазақ прозасының тоқырамағанына дәлел бола алатындарын ғана қаттыдым. Оқымағаным қашыма?! Сондықтан қазақ прозасына бей-жай қарай алмайтын қаламдестер толықтыра түсер деп үміттенемін. Сонда барымыз бадыраптып, жоғамыз үнірейіп көрінер еді. Ондай жағдайда нені жазу жауапкершілігін сезініп, қалай жазу керектігін де ұғынып қалармыз.